

ОҢТҮСТІК ШАМШЫРАҒЫ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі аясындағы Болон орталығы жүргізген рейтингке еліміздің 69 жоғары оқу орындары қатысқаны белгілі. Осы сараптау рейтингтің нәтижесінде, білім сапасы жөнінен алғашқы топқа 49 (9 ұлттық және 19 мемлекеттік) жоғары оқу орны енді. Бұл сараптау рейтингінің қорытындылары бойынша ел ішінде жаңашыл-инноватор ректор атанған ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, техника ғылымдарының докторы, профессор Жұмахан Үшкемпірулы Мырхалықов басқаратын М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен әл-Фараби атындағы ұлттық университетінен кейінгі үшінші орынды иеленді. Бұл өрісін кеңге жайған М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті еліміздегі ұлттық университеттер қатарынан ойып тұрып орын алғандығының нақты айғағы.

М.Әуезов атындағы ОҚМУ – білім, бизнес, құқық, жаратылыстану, гуманитарлық, техникалық, технологиялық, ауыл шаруашылығы, өнер, мәдениет, қызмет көрсету мамандықтары мен жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бойынша мамандарын дайындаумен айналысатын көп салалы жоғары оқу орындарының бірі. Университетте 1687 профессор-оқытушы студенттерге сабақ беріп, олардың 128-і ғылым докторы, профессор, 598-і ғылым кандидаты, доцент, 8-і PhD докторы.

Университет ректоры техника ғылымдарының докторы, профессор Жұмахан Үшкемпірулы Мырхалықовтың басшылығында қабылданып, қазіргі таңда іске асырылып жатқан М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің стратегиялық даму жоспары жоғары оқу орнын басқару жүйесі, кадрлық потенциал, білім беру үрдісі, ғылыми қызмет, тәрбие үрдісі, ақпаратты-коммуникациялық жүйелер және материалдық базаны қамтыды. Ректор жетекшілігімен оқу орнын зерттеу университетіне трансформациялауға бағытталған шаралар сәтті іске асырылды. Университет ғалымдары Қазақстан



Республикасын 2020 жылға дейінгі инновациялық дамыту концепциясы негізінде оңтүстік өңірінің табиғи және аймақтық қажеттіліктері мен мүмкіншіліктерін зерттейтін 12 ғылыми жүйемен, яғни ұлттық және экономикалық дамудың негізгі салалары болған: энергетика, шикізаттарды қайта өңдеу, информациялық және телекоммуникациялық технологиялар, еліміздің интеллектуалдық потенциалдарын зерттеуге арналған ғылыми жобаларды зерттеуде. Былтыр университет ғалымдары 314 ғылыми-техникалық зерттеу жобасын ұсынып, олардан 67-ісі қаржыландырылды. Қытай Халық Республикасы ЖОО және ҒЗИ-мен бірге зерттеу үшін 1 ғылыми жоба бекітілді.

Қасиетті білім ордасы көбінесе химиялық өндірісте технологияларды жетілдіріп, құрылыс материалдарын өндіру, қайта өңдеу, мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығындағы жаңа технологияларды ендірумен айналысады. Осыған орай, қазір 100 ғылыми жоба орындалып жатыр. Кейбір жобалар Оңтүстік Қазақстан кәсіпорындарына енгізуге ұсынылды. Көптеген жобалар жаңа грант жүйесі бойынша ҚР БҒЖМ тарапынан қаржыландырылып,

университетке қосымша екі миллиард тенге алып келуге мүмкіндік берді. Осы тұрғыдан Жұмахан Үшкемпірулы Мырхалықов басшылығында М.Әуезов атындағы ОҚМУ ғылым арқылы білім алу принципін ұстана отырып, ғылыми жобаларға студенттер мен магистранттарды баулуға көшті.

2014 жылы университетте жалпы көлемі 837 миллион 454 мың теңгені құрайтын, 108 жобалық ғылыми-зерттеу жұмысы орындалды. Ғылыми басқарудың жаңа жүйесі енгізіліп, университеттің материалдық-техникалық базасын қайта жабдықтау жүргізілді, тәжірибелік-өндірістік кешен құрылды. Нәтижесінде, соңғы жылдары ғылымды қаржыландыру 15 есеге, орындалып жатқан ғылыми және білім беру жобалары саны 7 есеге өсті. Жүзеге асырылып жатқан инновациялық қызметтің арқасында «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры ұйымдастырған «Инновациялық Қазақстан» идеялардың республикалық жастар конкурсының нәтижесі бойынша, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті еліміздегі екінші инновациялық жоғары оқу орны болып танылды. Сондай-ақ, Ж.Мырхалықовтың басшылығымен университетіміз

кейінгі жылдары көп жетістіктерге қол жеткізіп, 2013 жылы Ұлттық бизнес-рейтинг тіркемесі бойынша «Жылдың үздік кәсіпорыны» деп танылып, «Қазақстан Көшбасшысы – 2013» құрмет белгісіне ие болды. Осы және басқа да еңбектері үшін «Құрмет» орденінің иегері Ж.Үшкемпірулы «Данк» орденінің иегері атанып, «Қазақстан Республикасы білімінің құрметті қызметкері» тесбелгісімен марапатталды.

Университетте білім беру үш деңгейлі жүйе бойынша жүзеге асырылып, бакалавриат 86, магистратура 56, PhD докторантура 13 мамандық бойынша мамандар дайындайды.

Жұмахан Үшкемпірулының бастамасымен білім ордасы республикада бірінші болып халықаралық аккредиттеуден өтті, түлектер «Евробакалавр», «Евроинженер», «Евроинформатик» еуропалық сапа белгілерін алып шығады. Жоғары оқу орындары арасында ағылшын тілінде білім алу мен қашықтықтан оқытуды алғашқы болып енгізді. Бүгінде студенттерге танымал Гамбург қолданбалы ғылымдар университетімен (Германия), Анже ауылшаруашылық ғылымдар жоғары мектебімен (Франция), Ресей халықтар достығы университетімен,

Н.Бауман атындағы Мәскеу мемлекеттік техникалық университетімен (Ресей) қос диплом бағдарламалары бойынша білім беріліп жатыр.

Қазіргі таңда жоғары оқу орнын басқару сапасын көтеру мәселесі, Қазақстанның жетекші ЖОО-ларында Бақылау кеңесін ұйымдастырумен байланысты болып келеді. ҚР Білім және ғылым министрлігінің мұндай стратегиялық бастамасындағы ең басты мақсат – қоғам мүшелерін ЖОО-ның басқару ісіне қатыстыра отырып, жоғары білім беру орнының бағыт-бағдарын айқындау және мамандардың сапасын көтеру мақсатында көмек көрсетуге бағытталған. Осы бағытта біздің университет мемлекеттік ЖОО-лардың арасында Бақылау кеңесінің жұмысы қалыптасқан бірден-бір оқу орны болып табылады. Оған қоғамда танымал саясаткерлер, ғалымдар, өндіріс және ауылшаруашылығы кәсіпкерлері мүше болғандықтан, бұл органның алқалы басқаруда аса белсенді әрі оқу орнының әлеуметтік жағдайының жоғарылай түсуіне мықты баспалдақ болып отыр. Аталған шара университеттің жаңаша даму кезеңін айқындайтын кеңес жұмысының бүгінгі таңдағы маңызы арта түскенін байқатады. Кеңес университетті трансформациялаумен оның ізденіс әлеуетін күшейтуде қолдау танытып келеді. Сонымен қатар кеңес дуалды білім беру жағына да қамқорлық танытып келеді.

Бүгінде университет басшылығы отандық жоғары мектептегі басқарудың алқалық нұсқасының алғашқы қадамдарын жасаумен қатар, тәжірибе жинақтап, кеңестің басқа да университеттермен, сыртқы ортамен өзара іс-қимыл жасаудың аса тиімді нұсқаларын қарастыру үстінде. Әрине, құқықтық аймақ құрып, кеңестің өкілеттігін кеңейту үшін әлі де көп жұмыстар күтіп тұр. Алайда, ең бастысы Бақылау кеңесінің мүшелері жұмыс берушілердің, студенттердің тұтас қоғамның алдындағы жауапкершілігін терең түсінеді, алдына қойып отырған жоспар-жобалары да аумақты.

Өткір АЛИЕВ,
М.Әуезов атындағы
ОҚМУ-дың доценті